

«Ақтобе қаласының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің кезектен тыс № 5 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

24.12.2024 жыл

Құмқұдық ауылы

Күн тәртібінде:

1. «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін 17-24.12.2024 жылғы мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы.
2. Мемлекеттік аттестаттау кезінде анықталған кемшіліктермен жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Б.Т.Жакупова

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысын мәлімдеді:

1. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылған. Себебі, мектептегі педагог-сарапшылар, педагог-зерттеушілердің үлесі 25 пайыздан жоғары 54 пайыз болып тұрғанын мақтан етті.
2. Мектептегі оқыту нәтижелері “оң” баға көрсеткен.
3. Білім алушылардан, ата-аналардан алынған сауалнамалар қорытындысы “өте жақсы” деңгейге не болған.
4. Мұғалімдердің біліктілік арттыру курстарынан 3 жылдан сиретпей өтуі де 100 пайыз көрсеткіш берген.
5. Тәрбие саласы бойынша жүргізілген жұмыстарға оң баға берілген.

Сонымен қатар, аттестаттау нәтижелері бойынша кемшіліктерді саралады:

1. Бағаланатын кезеңге мектепалды сыныптың циклограммасында көрсетілген вариативтік бағдарламаларды бекітіп, білім беру ұйымының интернет-ресурстарына орналастырып, ұсынылмаған.
2. Бағаланатын кезеңге оқу жылына арналған штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы, әдістемелік ұсынымға 2-қосымшаны мектептің ресми сайтына талапқа сай дұрыс орналастырып, ұсынылмаған.
3. Бағаланатын кезеңге мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормаларының талабындағы (орындықтар, сөрелер, керуеттер, сертификаттар) бухгалтерлік есептілік деректерін, әдістемелік ұсынымның 4-қосымшасы ұсынылмаған.
4. Бағаланатын кезеңге мектепалды сыныптың ерекше білім беру қажеттіліктері бар (балалар) болса тиісті деңгейдегі білім алу жоспары, болмаса анықтама және кедергісіз орта (пандустар, коршаулар, тактильді жолдар) туралы мәліметтерді ресми сайтқа жүктеп, ұсынылмаған.
5. Бағаланатын кезеңге мектепалды сыныптың жас топтарын балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, жасақтап ұсынылмаған.
6. Бағаланатын кезеңге мектепалды сыныптың тәрбиеленушілер 1-сыныпқа қабылдаған, қозғалыс жүргізілгені туралы мәліметтер ұсынылмаған.
7. Білім беру қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында педагогтан алынатын сауалнама нәтижелері ұсынылмаған.

8. ҰБДҚ-да медпункт және асханадағы орындар саны көрсетілмеген.
9. Мектеп оқушыларының оқулықтарды, аяқ киімді, спорттық керек-жарақтарды және сыртқы киімді сақтауға арналған жеке шкафтар саны көрсетілген 9-қосымша мектеп сайтына ұсынылмаған.
10. «Bilim class» электрондық журналында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні «Жаһандық құзыреттілік» оқу пәнімен (бағдарламасын) ауыстырылмаған.
11. 1-4 және 5-8 сыныптарда 2024-2025 (I тоқсан) оқу жылында «Жолда жүру ережелері» оқу курсы бойынша тақырыптарына кіріктіріліп «Bilim class» электрондық журналында «Қосымша білім беру» бөлімінің арнайы арнайы бетіне енгізілмеген.
- Осы аталған кемшіліктердің басым бөлігі мектепалды даярлық сыныбы үдерісінен екенін атап айтты.
- Педагогикалық кеңес мүшелері көрсетілген кемшіліктерді саралай отырып, кемшіліктерді жою мақсатында жұмыс жоспары құрылды.
- «Ақтөбе қаласының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша кемшіліктер мен ескертулерді жою жұмыстары жөніндегі жоспары

№	Кемшіліктер бойынша атқарылатын жұмыс мазмұны	Мерзімі	Орындауға жауапты тұлға
1	1.Бағаланатын кезеңге мектепалды сыныптың циклограммасында көрсетілген вариативтік бағдарламаларды бекітіп,білім беру ұйымының интернет-ресурстарына орналастырып ұсыну. 2. Бағаланатын кезеңге оқу жылына арналған штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы,әдістемелік ұсынымға 2-қосымшаны мектептің ресми сайтына талапқа сай дұрыс орналастырып,ұсыну. 3. Бағаланатын кезеңге мектепке дейінгі,орта білім беру ұйымдарын,сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормаларының талабындағы (орындықтар,сөрелер,керуеттер,сертификаттар) бухгалтерлік есептілік деректерін,әдістемелік ұсынымның 4-қосымшасын ұсыну. 4. Бағаланатын кезеңге мектепалды сыныптың ерекше білім беру қажеттіліктері бар (балалар) болса тиісті деңгейдегі білім алу жоспары,болмаса анықтама және кедергісіз орта(пандустар, қоршаулар,тактильді жолдар) туралы мәліметтерді ресми сайтқа жүктеп ұсыну. 5. Бағаланатын кезеңге мектепалды сыныптың жас топтарын балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып,жасақтап ұсыну.	12.02.2025	Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Дуисалина Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Дуисалина Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Дуисалина Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Дуисалина Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Дуисалина

	6. Бағаланатын кезеңге мектепалды сыныптың тәрбиеленушілер 1-сыныпқа қабылдаған, қозғалыс жүргізілгені туралы мәліметтер ұсыну. 7. Білім беру қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында педагогтан алынатын сауалнама нәтижелерін ұсыну.		Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Дуисалина Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Дуисалина
2	ҰБДҚ-да медпункт және асханадағы орындар санын көрсету	12.02.2025	Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Дуисалина
3	Мектеп оқушыларының оқулықтарды, аяқ киімді, спорттық керек-жарақтарды және сыртқы киімді сақтауға арналған жеке шкафтар саны көрсетілген 9-қосымшаны мектеп сайтына ұсыну.	12.02.2025	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар М.М.Адилова
4	«Bilim class» электрондық журналында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні «Жаһандық құзыреттілік» оқу пәнімен (бағдарламасын) ауыстырып, мәліметін ұсыну.	12.02.2025	Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Дуисалина
5	1-4 және 5-8 сыныптарда 2024-2025 (I тоқсан) оқу жылында «Жолда жүру ережелері» оқу курсы бойынша тақырыптарына кіріктіріліп, «Bilim class» электрондық журналында «Қосымша білім беру» бөлімінің арнайы арнайы бетіне енгізу, мәліметін ұсыну.	12.02.2025	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар М.Адилова

Педагогикалық кеңес шешім етеді:

- «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктермен жұмыс жоспары құрылды.
- Мектепалды даярлық сыныбы бойынша көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстарды, ҰБДҚ базасындағы медкабинет пен асхана туралы деректерді, «Bilim class» электрондық журналында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні «Жаһандық құзыреттілік» оқу пәнімен (бағдарламасын) ауыстырып, зерделеп, өңдеп, есебін жазып, 10.02.2025 жылға дейін білім беру ұйымының интернет ресурстарына орналастыру оқу ісі жөніндегі орынбасар Ш.Б.Дуисалинаға міндеттелді.
- 1-4 және 5-8 сыныптарда 2024-2025 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» оқу курсы бойынша тақырыптарына кіріктіріп, «Bilim class» электрондық журналында «Қосымша білім беру» бөлімінің арнайы енгізілуін қадағалау, мектеп оқушыларының оқулықтарды, аяқ киімді, спорттық керек-жарақтарды және сыртқы киімді сақтауға арналған жеке шкафтар саны көрсетілген 9-қосымшаны ұсыну тәрбие ісі жөніндегі орынбасар М.М.Адиловаға жүктелді.

Педагогикалық кеңеснің төрайымы:

Б.Т.Жакупова

Хатшы:

А.Б.Карабасова